

## Қазақстан Республикасы Жер кодексінің Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестігі туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2003 жылғы 10 маусымдағы N 8 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға Ю.А.Хитрин, Кеңес мүшелері Х.Ә.Әбішев, Қ.Ж.Балтабаев, С.Ф.Бычкова, А.Есенжанов, А.К.Котов және Қ.Ә.Омарханов қатысқан құрамда, мыналардың:

Мемлекет басшысының өкілі - Республика Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік-құқық бөлімінің сектор меңгерушісі А.Ш.Аккулеутің, Республика Әділет министрі О.И.Жұмабековтің, Республика Парламенті Сенатының депутаты Л.Н.Бурлаковтың, Республика Парламенті Мәжілісінің депутаттары Ж.Н.Әбдиев пен А.А.Бейсенбаевтың, Республика Бас прокурорының орынбасары А.Қ.Дауылбаевтың, Республика Ауыл шаруашылығы вице-министрі А.Қ.Құрышбаевтың, Республика Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің төрағасы Б.С.Оспановтың қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Жер кодексінің конституциялылығын тексеру туралы өтінішін қарады.

Конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі Қ.Ә.Омархановтың хабарын, өтініш субъектісі өкілінің және отырысқа қатысушылардың сөздерін тыңдап шығып, **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі** мынаны анықтады:

Қазақстан Республикасының Жер кодексін 2003 жылғы 19 мамырда Республика Парламенті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 7-тармағына сәйкес дауысқа салмай қабылдап, 2003 жылғы 27 мамырда Республика Президентінің қол қоюына ұсынған. *(РҚАО-ның ескертуі: қараңыз. P021263 )*

Республиканың Жер кодексін конституциялылығы тұрғысында қарай отырып, **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі** Қазақстан Республикасы Конституциясының жер заңдарын құқықтық реттеуге негіз етіп алынуға тиіс мынадай түбегейлі ережелерін ескерді:

1) жалпы бастаулары мен принциптері ( 2-баптың 2-тармағы, 4-баптың 1 және 2-тармақтары, 5-баптың 1 және 2-тармақтары, 6-бап );

2) азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын реттейтін нормалар ( 12-баптың 2 және 5-тармақтары, 13-баптың 2-тармағы, 14-бап , 26-баптың 2, 3 және 4-тармақтары, 31-баптың 1-тармағы, 38-бап , 39-баптың 1-тармағы).

1. Конституцияның 6-бабы 3-тармағына сәйкес "Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін".

Бұл конституциялық нормалар, жер қатынастарын реттеу кезінде Конституция, мемлекеттің жерге деген ерекше меншігі режимін белгілеуге дейін бара отырып, меншіктің және жер айналымының құқықтық режимдерін айқындауда мемлекеттің жоғары тұруын баянды ететінін білдіреді. Бұл орайда Республикада меншік пен жер қатынастарының құқықтық мәселелері заңдармен және заңдық күші жағынан солармен тең заңнамалық актілермен, Республика Конституциясының жалпы бастаулары мен нормалары негізінде реттеледі (Конституцияның 4-бабының 1 және 2-тармақтары, Конституциялық Кеңестің 2000 жылғы 13 сәуірдегі N 2/2 және 2003 жылғы 23 сәуірдегі N 4 қаулылары).

Азаматтардың әлеуметтік-экономикалық салада өздерінің конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы үшін қолайлы заңдық жағдай мен кепілдік жасауға, соның ішінде Конституцияның 6-бабы 3-тармағына сәйкес жердің кейбір санаттарына жеке меншік енгізу арқылы, қаратылған Жер кодексі (бұдан әрі - Кодекс), жер қатынастарына қолданысты алғанда осындай акті болып табылады.

Конституцияның 2-бабы 2-тармағында былай делінеді: "Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді". Конституциялық Кеңестің 2003 жылғы 23 сәуірдегі N 4 қаулысында бұл жөнінде, мемлекет аумағы сол мемлекет өмір сүретін және егемен билік ұйымы ретінде қызмет істейтін кеңістік шегін білдіреді. Құрамына жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар кіретін аумақтың тұтастығы, қол сұғылмауы және бөлінбеуі ұлттық қауіпсіздіктің айқындаушы шарттары болып табылады, мемлекет оларды Конституция және халықаралық құқық нормалары негізінде қамтамасыз етіп, қорғайды.

Жоғарыда аталған конституциялық принциптер Қазақстандағы жер қатынастарын құқықтық реттеуге негіз етіп алынған (Кодекстің 4-бабы, 6-бабының 7-тармағы, 7, 34, 37-баптары және 170-бабының 8-тармағы). *РҚАО-ның ескертуі: қараңыз. P021263* )

Республикадағы меншік қатынастары дамуының конституциялық бастаулары да ортақ, олар: "мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады" (6-баптың 1-тармағы) және "меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді" (6-баптың 2-тармағы) - Кодекстің нормаларында нақтыланады.

Мәселен, Кодексте жерге мемлекеттік меншікпен қатар жеке меншік те танылады (2-бөлім, 3-бап). Бұл орайда меншікті қорғаудың, жер қатынастарына қатысушылардың бәріне бірдей ортақ Республика заңнамасына негізделген бірыңғай механизмі

қамтамасыз етіледі (Кодекстің 6 және 164-баптары). Жер заңдарының міндеттері ретінде мыналар белгіленеді: жерді сақтау және оған залал келтірудің алдын алу; жерді ұтымды пайдалану мен қорғау, топырақ құнарлылығын ұдайы қалпына келтіріп отыру, табиғи ортаны сақтау мен жақсарту мақсатында жер қатынастарын реттеу; жеке және заңды тұлғалар мен мемлекеттің жерге құқықтарын қорғау (Кодекстің 4 және 5-баптары). Кодекстің 6-бабының 3 және 5-тармақтарында, жер қатынастары субъектілерінің өздеріне тиесілі құқықтарды жүзеге асыруы табиғи ресурс ретіндегі жерге және қоршаған ортаның өзге де объектілеріне зиян келтірмеуге тиіс, деп көзделеді. ***РҚАО-ның ескертуі: қараңыз. P021263 )***

Меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелерін пайдалану кезіндегі құқықтары мен міндеттері (Кодекстің 64 және 65-баптары), сондай-ақ жер заңдары бұзылған жағдайда меншік құқығын немесе жер пайдалану құқығын тоқтату шарттары (Кодекстің 93-бабы) бұл аталған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге септігін тигізеді. Кодекстің 20-тарауында жер құқық қатынастарына қатысушылардың құқықтарын қорғауға, өзге субъектілердің, соның ішінде - мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғаларының заңсыз іс-әрекеті (әрекетсіздігі) нәтижесінде келтірілген залалды өтеуге бағытталған нормалар берілген.

Қоғамдық және мемлекеттік институттардың бірігіп кетуіне, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге жол берілмейтіндігі туралы конституциялық нормалар (Конституцияның 5-бабының 1 және 2-тармақтары) Кодекстің 2 және 18-тарауларының ережелерімен қамтамасыз етіледі, бұл ережелерде жер қатынастарын реттеудің құқықтық мәселелері тиісті мемлекеттік органдардың құзыретіне жатқызылып, оларды мемлекеттік емес құрылымдардың шешуіне жол берілмейді.

**2.** Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары (Конституцияның 1-бабының 1-тармағы) екенін ескере отырып, Негізгі Заң құқықтық мемлекеттің ең негізгі белгілерінің бірі - заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы адамның құқықтары мен бостандықтарына қарай айқындалатынын бекітеді (Конституцияның 12-бабының 2-тармағы). Бұл аталған ереже Қазақстанда қолданылатын құқықтың тұжырымдамалық негізі болып табылады және Кодексте ол ескерілген.

Мәселен, "адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға ... тиіс" ( 12-баптың 5-тармағы); "Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті" ( 38-бап ); "адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары ... тек заңмен шектелуі мүмкін" ( 39-баптың 1-тармағы) , - деген конституциялық ережелер Кодекстің тиісті нормаларында өз көрінісін тапқан.

Кодекстің 6-бабының 3-тармағы бұл нормаларды жер құқықтарын жер қатынастарының өзге субъектілеріне, сондай-ақ табиғи ресурстарға қатысты теріс

пайдалануға жол берілмейді деп нақтылайды. Жер заңдары жер қатынастары саласында заңдылықты нығайтуға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану арқылы олардың сақталуы мен жақсартылуын қамтамасыз етуге қаратылған (Кодекстің 17-тарауы, 5-бабы). *РҚАО-ның ескертуі: қараңыз. P021263 )*

Бұл аталған ережелер тиісті құқықтық механизммен қамтамасыз етіледі. Атап айтқанда, жерді ұтымды пайдалану ережелері өрескел бұзылған немесе оны пайдалану жердің құнарлылығының едәуір төмендеуіне не экологиялық жағдайдың едәуір нашарлауына әкеп соғатын жағдайда, жер учаскесі меншік иесі мен жер пайдаланушыдан алып қойылуы мүмкін (Кодекстің 93-бабы). Жер заңдарының орындалуын қамтамасыз етуді реттейтін нормаларда, меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың құқықтары бұзылған жағдайда залал келтірушінің есебінен оны толық көлемде өтеу көзделіп, өтемақы мөлшерін айқындай отырып, зиянды өтеу тәртібі белгіленеді. Кодекстің 164-168-баптарында, кінәлі тұлғалардың жауапкершілігі, сондай-ақ жер құқықтарын қорғау тиісті салалық заңдардың нормаларына сәйкес жүзеге асырылады деп белгіленеді.

Кодексте жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мемлекеттік органдардың заңсыз құқық шығармашылығынан қорғалуына кепілдік беретін нормалар бар - заңда белгіленген құқықтарды олардың актілерімен шектеуге болмайды (Кодекстің 6-бабының 5-тармағы).

Кодекстің жекелеген нормаларында аталатын субъективтік құқықтарды және жер құқық қатынастарына қатысушылардың міндеттерін заңнамалық актілермен егжейлеу қажеттігі оларды Конституцияның 6-бабы 2 және 3-тармақтары, 39-бабы 1-тармағы талаптары шеңберінде шектеу мүмкіндігін көздейді.

Конституцияның 62-бабы 1-тармағында Парламенттің қаулылары, оның Палаталарының қаулылары "заң актілері" деп, Парламенттің, Сенат пен Мәжілістің Конституция баптарымен толық көзделген, заң шығару өкілеттігімен қатар іске асырылатын, өздерінің құқық қолдану өкілеттігін жүзеге асыру актілерінің нысаны мағынасында аталған. Ең жоғары өкілді орган және оның Палаталары Конституцияның бұл нормаларын орындау мақсатында өз қарауына жататын нақты мәселелер бойынша қаулылар қабылдайды, өзінің заңдық күші жағынан олар заңдармен, мемлекеттік биліктің басқа институттары: Президенттің, атқарушы органдардың, соттардың және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының актілерімен құқықтық бәсекелестік қатынасына түспеуге тиіс. Парламенттің, Сенат пен Мәжілістің қаулылары, әдетте, ұйымдық-құқықтық маңызы бар парламенттік құқық қолдану актілері болғандықтан, міндетті сипатқа ие.

Кодекстің 94-бабының 1-тармағында, мақсаты бойынша пайдаланылмайтын не заңдарды бұза отырып пайдаланылатын жер учаскелері сот тәртібімен алып қойылады деп көзделген. Бұл норма Конституцияның 26-бабы 3-тармағының "соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды" деген бөлігіндегі талаптарына, сондай-ақ

Конституциялық Кеңестің 2000 жылғы 10 шілдедегі N 14/2 және 2000 жылғы 20 желтоқсандағы N 21/2 қаулыларында берілген құқықтық позицияларына сәйкес келеді.

Жерді мемлекеттік қажеттер үшін алу негіздері өз ерекшелігімен сипатталады ( Кодекстің 84-бабы: қорғаныс мұқтажы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, пайдалы қазба кен орындарының табылуы, мемлекеттік маңызы бар коммуникациялар құру және т.б.), ал оларды өтеу шарттары меншік иесінің құқықтары мен заңды мүдделерін ескереді (Кодекстің 85-89 және 165-баптары), бұл Конституцияның 26-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес келеді ("заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мүліктен күштеп айыру оның құны тең бағамен өтелген кезде жүргізілуі мүмкін"). Бұл орайда әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуы құқығын (Конституцияның 13-бабының 2-тармағы) қорғауға Кодекстің 88, 89, 166, 167-баптарының және 170-бабы 7-тармағының нормалары кепілдік болып табылады. *РҚАО-ның ескертуі: қараңыз. P021263 )*

Кодексте заң мен сот алдында жұрттың бәрінің заң жүзіндегі теңдігі қамтамасыз етіледі, жер қатынастары субъектілерін тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша кемсітетін нормалар жоқ. Оның барлық ережелері Конституцияның 14-бабы талаптарына сай к е л е д і .

Бұл ретте, Конституциялық Кеңес Кодексте заңдық техника мәселелеріне жататын жекелеген жетілмеушіліктер бар екенін атап көрсетеді.

3. Кодекс Конституцияның 61-бабында белгіленген тәртіп пен рәсімдерге, сондай-ақ Конституция ережелеріне негізделген, "Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 7-тармағын және 63-бабы 1-тармағын ресми түсіндіру туралы" Конституциялық Кеңестің 2003 жылғы 13 мамырдағы N 6 қаулысына сәйкес қ а б ы л д а н ғ а н .

Осы құқықтық негізде Жер кодексін қабылдау, биліктің атқарушы және заң шығарушы тармақтарының тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалана отырып ( Конституцияның 3-бабының 4-тармағы), Конституцияның 61-бабы 7-тармағына сәйкес Парламентте конституциялық өзара іс-қимыл жасауының нәтижесі болды.

Республика Президентіне қол қоюға ұсынылған Кодекске Конституцияның 45-бабы 3-тармағына сәйкес Парламенттің әр Палатасы Төрағаларының қолдары қойылып тиянақталған. Конституцияның бұл нормасының талабы Парламентте заңдарды қабылдаудың сол немесе өзге конституциялық-құқықтық тәртібі үшін ортақ болып табылады. Бұл, Конституциялық Кеңестің, Республика Президенті қол қойғанға дейін Парламент актілеріне өздерінің қолдарын қойып тиянақтауға міндетті лауазымды адамдарға қатысты бөлігінде Конституцияның 45-бабын қолданудың рәсімдік мәселелеріне ресми түсіндірме берілген, 1997 жылғы 29 мамырдағы N 13/2

қаулысының құқықтық позициясына жауап береді.

Осылайша, Республика Конституциялық Кеңесі, 2003 жылғы 19 мамырда Республика Парламенті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 7-тармағына сай дауысқа салмай қабылдап, 2003 жылғы 27 мамырда Республика Президентінің қол қоюына ұсынылған Қазақстан Республикасының Жер кодексі өзінің мазмұны жағынан да, оны қабылдау рәсімі жағынан да Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес деп санайды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 2-тармағының 1) тармақшасын, 31- 33, 37-баптарын , 39-бабының 1-тармағын, 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:**

1. 2003 жылғы 19 мамырда Қазақстан Республикасының Парламенті дауысқа салмай қабылдап, 2003 жылғы 27 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің қол қоюына келіп түскен, Қазақстан Республикасының Жер кодексі Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабы 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабы 4-тармағында көзделген ретті ескере отырып, түпкілікті болып табылады.

3. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы*  
*К о н с т и т у ц и я л ы қ                      К е ã е с і н і ñ*

*Төрағасы*